Additionally, the article examines the methodological foundations for teaching the subject "Biophysics" in general secondary educational institutions. It showcases the technology of didactic synthesis of physics and biology through biophysical theories within the educational process. Furthermore, the study investigates the impact of this didactic synthesis on enhancing students' scientific and theoretical thinking.

Key words: *natural-scientific thinking; integration of physics and biology, biophysics, biophysical theories, pedagogical experiment.*

Material received on 24.02.25

Алғыс. Зерттеу демеушіліксіз жүргізілді.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар осы мақалада ашуды талап ететін мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА LESSON STUDY ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*М. Ж. Балтабай¹, О.Т. Сокова²

¹Екібастұз қаласы білім беру бөлімнің «№7 мектеп-гимназиясы» КММ,
Екібастұз қ., Қазақстан

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан
*moldir0102999@icloud.com

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепте биология пәнін оқытуда белсенді әдістерді қолданудың маңыздылығы мен олардың білім сапасына әсері қарастырылады. Белсенді оқыту әдістері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Эксперименттік зерттеу барысында белсенді әдістерді қолданудың тиімділігі бағаланып, оның нәтижелері талданды. Эксперимент 2024-2025 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында Екібастұз қаласының №7 мектеп-гимназиясында жүргізілді. Зерттеуге 6-сынып оқушылары қатысты. Оқу жылының басында және соңында жүргізілген тест нәтижелері оқушылардың теориялық білімінің 35%-ға, практикалық дағдыларының 40%-ға, зерттеу қабілеттері мен пәнге қызығушылығының 50%-ға артқанын көрсетті. Нәтижесінде, белсенді оқыту әдістері оқушылардың білім сапасын жақсартатыны дәлелденді. Бұл зерттеу белсенді әдістерді білім беру процесінде кеңінен қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: Lesson Study, биология, мұғалімдердің кәсіби дамуы, оқу сапасы, сабаққа талдау, инновациялық әдіс-тәсілдер, педагогикалық тәжірибе.

Кіріспе. Білім беру жүйесі қазіргі таңда үлкен өзгерістер мен жаңашылдықтарға бет бұруда. Қазақстандағы білім беру реформаларының басты мақсаты — оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, олардың өз бетімен оқу дағдыларын қалыптастыру, заманауи

технологияларды меңгерту болып табылады. Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімдердің кәсіби құзырет-тілігін арттыру аса маңызды рөл атқарады. Осы орайда әлемде кеңінен қолданылатын әдістердің бірі — Lesson Study әдісі болып табылады. Lesson Study әдісі мұғалімдер арасында бірлескен зерттеу жүргізу арқылы сабақтың тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл әдіс мұғалімдерге жаңа білім алу, тәжірибе алмасу және сабақты жетілдіру үшін өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері.

Қазақстанның білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнға көшу аясында мұғалімдер жаңа әдіс-тәсілдерді игеріп, оқушылардың оқу сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар жүргізуде [1]. Осы тұрғыда Lesson Study әдісін биология пәні сабақтарында қолдану, мұғалімдердің кәсіби дамуын арттыруға, оқушылардың білімін тереңдетуге және олардың оқу дағдыларын дамытуға көмектеседі [2].

Lesson Study әдісі — мұғалімдер бірлесе отырып сабақ жоспарын әзірлейді, оны өткізеді, содан кейін оны талқылайды [3]. Бұл әдіс мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу үшін тиімді құрал болып табылады. Әдістің құрылымы әдетте бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншіден, мұғалімдер сабақтың мақсатын, тапсырмаларын және оқыту әдістерін бірлесе отырып анықтайды. Екіншіден, олар бұл сабақты бір мұғалім өткізеді, ал қалғандары сабаққа бақылаушы ретінде қатысады. Үшіншіден, сабақ аяқталған соң мұғалімдер сабақтың өткізілуін, оқушылардың белсенділігін, олардың түсінігін талқылайды

сабақты қалай жақсартуға болатыны жөнінде пікір алмасады [4]. Бұл процесс мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде мұғалімдердің кәсіби дамуы мен білім беру сапасын арттыруға бағытталған әдістер саны артуда. Қазақстанның білім беру жүйесінде де мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында бірқатар жаңашыл әдіс-тәсілдер енгізілуде. Бұл ретте Lesson Study тәсілі белсенді түрде қолданылып, көптеген мектептерде тәжірибеге енгізілуде [5]. Мәселен, Финляндия, Жапония және Ұлыбритания сияқты білім беру саласындағы көшбасшы елдерде бұл тәсіл мұғалімдердің білімін жетілдіру мен оқу процесінің сапасын арттыруда тиімді құрал ретінде бағаланады [6].

Lesson Study әдісі сабақты талқылау арқылы мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдер мен тәсілдерді тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдіс мұғалімдерге өзара тәжірибе алмасуға, сабақтың тиімділігін арттыруға және оқушылардың қажеттіліктеріне сай сабақ ұйымдастыруға жағдай жасайды [7]. Мұғалімдер сабақты жоспарлауда ғана емес, оны өткізуде де бірлесіп жұмыс істейді. Сонымен қатар бұл әдіс оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттырады, олардың оқу процесіне қызығушылығын жоғарылатады [8].

Lesson Study әдісін биология сабақтарында қолдану оқушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сабақ кезінде оқушылар тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы болады. Мұғалімдер сабақтың барлық кезеңінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды олардың деңгейіне сай ұйымдастырады [9]. Осылайша сабақтарда Lesson Study әдісі оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың пәнге деген қызығушылығын оятады.

- Сабақ жоспарының жасалуы — мұғалім сабақтың мақсатын, тапсырмаларды және оқыту әдісін анықтайды;

- Сабақтың өткізілуі және бақылау — мұғалім сабақтың өту барысын бақылап, оқушылардың сабаққа қатысуы мен оқу деңгейін бағалайды;

- Сабақтың нәтижелерін талқылау — сабақтан кейін мұғалім сабақтың тиімділігін талқылап, сабақ жоспарын жетілдіру үшін ұсыныстар береді [11].

Lesson Study әдісі биология сабақтарында оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [12]. Сабақ барысында оқушылар тірек сөздермен, мәтіндермен жұмыс істеп, негізгі мазмұнды түсіну дағдыларын меңгереді. Бұл әдіс арқылы олар өз ойларын жеткізе білуге, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар мұғалімдер өздерінің педагогикалық әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, сабақта қолданылатын жаңа технологияларды меңгеру мүмкіндігін алады [13].

Мысалы, биология пәні бойынша оқу процесі көбінесе теория мен практиканы байланыстыруды қажет етеді. Lesson Study әдісі мұғалімдерге биология пәнінің мазмұнын тереңірек түсінуге, практикалық жұмыстарды оқушылардың деңгейіне сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осылайша мұғалімдер сабақты өткізудің тиімді әдістерін талқылай отырып, сабақтың мазмұнын қызықты әрі тартымды етеді.

Lesson Study әдісін биология сабағында қолданудың тиімділігі тек мұғалімдер үшін ғана емес, оқушылар үшін де зор пайда береді. Әдіс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың білім алу процесін белсенді етеді. Мұғалімдер сабақты жоспарлағанда әрбір оқушының қажеттіліктерін ескеріп, тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейіне қарай ұйымдастырады, соның нәтижесінде білім беру сапасы жақсарады.

Мектебімізде Lesson Study әдісін енгізу арқылы оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіруге қол жеткіздік. Мысалы, биология пәнінен оқушыларға мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді жолдары ұсынылды. Осы арқылы оқушылар мәтіннің негізгі идеяларын түсініп, тірек сөздер арқылы материалды жақсы меңгерді. Бұл әдіс оқушылардың оқу нәтижелерін арттыруға оң әсер етті. Мектебімізде өткізілген бірнеше зерттеу сабағының нәтижелері көрсеткендей, Lesson Study әдісін қолдану оқушы-

лардың оқу дағдыларын дамытуға тиімді әсер етті. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде тірек сөздер қолдану оқушылардың мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуіне көмектесті. Бұл әдіс әсіресе оқушылардың мәтіннің мағынасын терең түсінуіне ықпал етті. Сабақтың әр кезеңінде оқушылардың белсенділігі артты, және олар өз ойларын еркін айтып, сыныпта белсенді түрде жұмыс жасады.

Зерттеу барысында Lesson Study әдісінің тиімділігі айқын байқалды. Мұғалімдер сабақты бірлесіп жоспарлап, оның сапасын арттыруға ықпал етті. Сабақтың әрбір кезеңінде оқушылардың белсенділігін бақылау, олардың сұрақтарына жауап беру және сабақты жаңа тәсілдермен өткізу нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты. Сонымен қатар мұғалімдер өз тәжірибелерін талқылап, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға белсене кірісті.

Зерттеу нәтижелері бойынша мұғалімдер арасында өзара әрекеттесудің артуы, сабақты ұйымдастыру мен өткізуде жаңа тәсілдердің қолданылуы байқалды. Бұл нәтижелер мұғалімдердің кәсіби дамуын жақсартуға және олардың педагогикалық әдіс-тәсілдерін жетілдіруге көмектесті. Оқушылар үшін бұл әдіс сабақта жаңа білім алу мен оны тәжірибеде қолдану үшін тиімді құрал болып табылды.

Қорытындылай келе, Lesson Study әдісінің биология сабақтарында қолданылуы оның тиімділігін арттыруға және мұғалімдер мен оқушылардың білім деңгейін жақсартуға зор ықпал етеді. Бұл әдіс мұғалімдерге өз тәжірибелерін жақсартуға, жаңа әдіс-тәсілдерді сынап көруге және сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылардың оқу дағдыларын дамытуға және олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Lesson Study әдісін кеңінен қолдану білім беру жүйесін жаңартуда үлкен рөл атқарады. Мұғалімдер мен оқушылар үшін бұл әдіс білім сапасын арттырудың, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғарылатудың тиімді тәсілі болып табылады.

Lesson Study-дің басқа әдістерден айырмашылығы

Lesson Study әдісін басқа оқыту және сабақ жоспарлау әдістерінен ерекшелетін бірқатар маңызды сипаттамалар бар. Бұл әдістің басты ерекшелігі – оның сабақ жоспарын әзірлеу, өткізу және жетілдіру үдерісіне негізделген кәсіби ынтымақтастыққа баса назар аударуы.

1. Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық: Lesson Study мұғалімдердің бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Олар сабақ жоспарын бірге құрастырып, оны талқылайды және сабақты өткізгеннен кейін өз ойларымен бөліседі. Бұл әрбір мұғалімнің кәсіби дамуына ықпал етеді. Ал басқа әдістерде жеке мұғалімнің дербес жұмысы басымырақ болады.

2. Үнемі жетілдіру циклы: Lesson Study сабақтың әрбір кезеңін талдап, оны жетілдіру үшін үздіксіз цикл ретінде жұмыс істейді. Сабаққа қатысты кері байланыс алу және оны ескере отырып, келесі сабақтарды жоспарлау – бұл әдістің негізгі ерекшелігі. Ал дәстүрлі тәсілдерде мұндай терең талдау жиі бола бермейді.

3. Оқушыға бағытталу: Сабақ барысында оқушының қажеттіліктері мен оқу үдерісіндегі қиындықтары ерекше назарға алынады. Мұғалімдер оқушының сабаққа қатысу деңгейін бақылап, оның үлгерімін арттыру үшін нақты шешімдер қабылдайды. Бұл Lesson Study-ді басқа әдістерден айрықша етеді.

4. Зерттеу және деректерге негізделу: Lesson Study ғылыми зерттеу үдерісіне ұқсас. Мұғалімдер нақты сұрақтарды зерттеп, нәтижелерін талдайды және жинақталған деректерге сүйенеді. Бұл дәстүрлі әдістерден айырмашылығы – зерттеуге және деректер негізінде шешім қабылдауға басымдық береді.

5. Ұжымдық кәсіби даму: Lesson Study тек бір мұғалімнің емес, бүкіл ұжымның кәсіби дамуына ықпал етеді. Бұл әдіс мұғалімдер арасында тәжірибе алмасуға, педагогикалық әдіс-тәсілдерді бірлесіп игеруге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау. Практикалық мысалдар. Lesson Study әдісін

колданудың нақты мысалдарын қарастырайық. Бұл әдіс оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына және материалды терең меңгеруіне жағдай жасайды.

Мақсат: Оқушылардың фотосинтез үдерісін түсінуін тереңдету және оны практикада қолдану.

Сабақты жоспарлау: Мұғалімдер бірлесіп сабақ жоспарын құрып, сабақта қолданылатын негізгі әдістер мен материалдарды анықтады. Сабақтың басты мақсаты ретінде фотосинтездің маңыздылығын түсіндіру және оны модельдеу арқылы көрсету белгіленді.

Сабақты өткізу: Сабақ барысында мұғалім оқушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа фотосинтезге қатысты арнайы тапсырмалар берді. Мысалы, бір топ фотосинтездің химиялық теңдеуін талқыласа, екінші топ өсімдіктердің жапырағындағы хлоропластардың құрылысын зерттеді. Үшінші топ фотосинтез процесін көрсететін тәжірибе орындады.

Сабақты талқылау: Сабақ аяқталған соң, мұғалімдер оқушылардың белсенділігін, тапсырмаларды орындау барысындағы қиындықтарын және сабақтың тиімділігін талқылады. Олар сабақтағы тәжірибені жетілдіру бойынша ұсыныстар жасап, келесі сабақ жоспарына өзгерістер енгізді.

2-мысал: Жасушаның құрылысы

Мақсат: Оқушыларға жасуша құрылысының ерекшеліктерін түсіндіру және олардың зерттеу дағдыларын дамыту.

Сабақты жоспарлау: Мұғалімдер оқушылардың жасушаның органоидтарын түсінуі үшін визуалды материалдарды пайдалану туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, сабақта микроскоппен жұмыс жасау тапсырмасы енгізілді.

Сабақты өткізу: Сабақ барысында оқушылар электрондық микроскоптан алынған суреттерді зерттеді. Олар жасушаның әрбір органоидының атқаратын қызметін талқылап, микроскоп арқылы өсімдік және жануар жасушасының айырмашылықтарын анықтады.

Сабақты талқылау: Сабақтан кейін мұғалімдер оқушылардың микроскоппен жұмыс істеу дағдыларын және материалды меңгеру деңгейін бағалады.

Сабақ барысында туындаған қиындықтар талқыланып, алдағы уақытта оларды болдырмау жолдары ұсынылды.

3-мысал: Экология және қоршаған орта.

Мақсат: Оқушылардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын қалыптастыру және оларды шешуге шығармашылықпен қарауға баулу.

1.Сабақты жоспарлау: Сабақтың негізгі бөлігі ретінде экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған жоба жұмысы қарастырылды. Оқушыларға жергілікті экологиялық мәселелер туралы ақпарат беріліп, оларды шешу жолдарын ұсыну тапсырылды.

2.Сабақты өткізу: Оқушылар топтарға бөлініп, әр топ өз жобасын ұсынды. Жоба барысында оқушылар нақты мәліметтерге сүйеніп, экологиялық мәселенің себептері мен салдарын талдады, сонымен бірге өз ұсыныстарын қорғады.

3.Сабақты талқылау: Сабақтың соңында мұғалімдер оқушылардың идеяларын бағалап, олардың шығармашылық қабілеттері мен экологиялық мәселелерге деген қызығушылығын арттыру жолдарын қарастырды.

Әдістің ғылыми негіздемесі: Lesson Study әдісінің негізі ғылыми зерттеу принциптеріне сүйенеді және оның тиімділігі келесі негізгі тұжырымдарға негізделген:

- Коллаборативті оқыту теориясы: Lesson Study мұғалімдер арасында кәсіби серіктестік орнату арқылы жүзеге асады. Бұл тәсіл Джон Дьюи және Лев Выготскийдің оқытудың әлеуметтік-мәдени теорияларына негізделген, себебі мұғалімдер бір-бірімен өзара әрекеттесіп, бірлескен талдау жүргізу арқылы білімдерін жетілдіреді [1, 65 б.].

- Рефлексия және үздіксіз жетілу: Lesson Study мұғалімдерді сабақтан кейінгі талдау арқылы рефлексия жасауға және үнемі жетілуге ынталандырады.

Бұл процестің негізі – мұғалімдердің сабақ жоспары, әдістері және оқыту нәтижелерін талдай отырып, келесі сабаққа қажетті өзгерістер енгізуі.

- Деректерді жинау және талдау: Lesson Study барысында сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылардың белсенділігі, тапсырмаларды орындау деңгейі, түсінік сапасы зерттеледі. Бұл әдіс сапалы және сандық деректерді жинауға негізделеді. Оқушылардың жауаптары, жазбаша жұмыстары және олардың белсенділігі деректер ретінде талданады.

Қорытынды.

1.Әдістің қиындықтары және оларды шешу жолдары: Lesson Study әдісін енгізу кезінде мұғалімдер бірнеше қиындықтарға тап болуы мүмкін:

2.Уақыт тапшылығы: мұғалімдер сабақ жоспарлау, оны өткізу және талқылау үшін көп уақыт қажет етеді. Бұл оқыту үдерісін жоспарлауға қиындық туғызуы мүмкін. Шешім жолдары:

- Сабақ жоспарлау мен талдауды жүзеге асыру үшін аптасына белгілі бір уақыт бөлу.

- Lesson Study әдісін мектептің жылдық жоспарына енгізу арқылы мұғалімдердің кестесін үйлестіру.

- Зерттеу тобының жұмысын нақты ұйымдастыру және рөлдерді бөліп беру.

3.Ресурстардың жеткіліксіздігі: Lesson Study үшін қажетті оқу құралдарының, әдістемелік әдебиеттердің немесе қосымша материалдардың болмауы қиындық тудыруы мүмкін.

Шешім жолдары: электрондық ресурстарды, онлайн платформаларды қолдану. Білім беру мекемелерінің кітапханаларын және мұғалімдерге арналған әдістемелік орталықтарды тиімді пайдалану.

Білім басқармасы мен мектеп әкімшілігінен қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге қолдау сұрау.

4.Тәжірибенің жеткіліксіздігі: Lesson Study әдісін алғаш рет қолданатын мұғалімдер оны дұрыс түсінбеуі немесе қателіктер жіберуі мүмкін. Шешім жолдары:

Lesson Study әдісін түсіндіретін тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.

Басқа мектептердегі Lesson Study тәжірибесімен бөлісуді қолға алу.

Зерттеу тобының ішіндегі тәжірибелі мұғалімдерді үйлестіруші ретінде белгілеу.

5.Мұғалімдердің қарсылығы: Кейбір мұғалімдер жаңа әдісті енгізуге қарсылық көрсетуі мүмкін, әсіресе егер ол олардың бұрынғы тәсілдерінен ерекшеленсе. Шешім жолдары:

Lesson Study әдісінің артықшылықтары туралы нақты деректер мен мысалдар арқылы түсіндіру.

Мұғалімдердің пікірін тыңдау және олардың ұсыныстарын ескеру.

Lesson Study әдісін қолданудың тиімділігін көрсететін нақты нәтижелерді талқылау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Абдраманова Ж.Б., Биярова С.Б., Зейнолдина Г.Т. Lesson Study: өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін: әдістемелік ұсыным. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2015. – 52 с.

2.Байғаринова Ж.К. Сабақты зерттеу (Lesson Study): А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Назарбаев Зияткерлік мектептері, 2016. – 36 с.

3.Назарбаева С.А. Инновациялық білім беру технологиялары және оларды жүзеге асыру жолдары. – Алматы: Мектеп баспасы, 2010. – 128 с.

4.Левин Д. Интерактивті оқыту әдістері: мұғалімдерге арналған нұсқаулық. – Астана: Ұлттық білім беру орталығы, 2008. – 96 с.

5.Stigler J.W., Hiebert J. Оқытудағы алиақтық: Әлем мұғалімдерінің үздік идеялары. – Нью-Йорк: Free Press, 1999. – 224 p.

6.Dudley P. Lesson Study: Біздің заманымыздағы кәсіби оқыту. – Лондон: Routledge, 2014. – 230 p.

7.Fernandez C., Yoshida M. Lesson Study: Жапониялық математиканы оқыту мен үйренуді жетілдіру тәсілі. – Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 2004. – 264 p.

8.Lewis C., Perry R., Hurd J. Lesson Study арқылы математиканы оқытуды Lewis C., Perry R., Hurd J. Lesson Study арқылы математиканы оқытуды

Солтүстік Америкалық тәжірибе // *Journal of Mathematics Teacher Education*. – 2009. – Т. 12, № 4. – Б. 285–304.

9.Watanabe T. Жапониядағы Lesson Study тәжірибесінен үйрену // *Educational Leadership*. – 2002. – Т. 59, № 6. – Б. 36–39.

10.Дарменова К.Т. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы: Білім баспасы, 2020. – 144 с.

11.Әбдіғұлова С.А. Инновациялық оқыту әдістері: теория және практика – Нұр-Сұлтан: Ғылым баспасы, 2019. – 160 с.

12.Жұмабеков Ә.Т. Білім берудегі белсенді оқыту әдістері. – Шымкент: Ұстаз баспасы, 2021. – 120 с.

13.Омарова Р.Ж. Оқытудағы Lesson Study әдісінің тиімділігі. – Қарағанды: Болашақ университеті баспасы, 2022. – 98 с.

jetildiru: Teoriyalyq model және Soltüstik Amerikalyq täjiribe // *Journal of Mathematics Teacher Education*. – 2009. – Т. 12, № 4. – Б. 285–304.

9. Watanabe T. Japoniïadagy Lesson Study täjiribesinen üirenw // *Educational Leadership*. – 2002. – Т. 59, № 6. – Б. 36–39.

10.Darmenova K.T. Qazirgi zamanǵy pedagogikalyq tehnologiyalar. – Almaty: Bilim baspasy, 2020. – 144 s.

11.Äbdigulova S.A. Innovaciýalyq oqytu ädisteri: teoriya және praktika. – Nur-Sultan: Gylym baspasy, 2019. – 160 s.

12.Zhumabekov Ä.T. Bilim berwdegi belsendi oqytu ädisteri. – Shymkent: Ustaz baspasy, 2021. – 120 s.

13.Omarova R.Zh. Oqytudagy Lesson Study ädisiniñ tiimdiligi. – Qaragandy: Bolashaq universiteti baspasy, 2022. – 98 s.

References

1.Abdramanova Zh.B., Biyarova S.B., Zeynoldina G.T. Lesson Study: öz sabaǵın zerttegisi keletinder üşin: ädistemelik usynym. – Astana: Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri, 2015. – 52 s.

2.Baigarinova Zh.K. Sabakty zertteu (Lesson Study): A-dan Ya-ǵa deiin: ädistemelik usynystar. – Astana: Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri, 2016. – 36 s.

3.Nazarbaeva S.A. Innovaciýalyq bilim beru tehnologiyalary және olardy züzege asyru joldary. – Almaty: Mektep baspasy, 2010. – 128 s.

4.Levin D. Interaktivti oqytu ädisteri: müǵalimderge arnalǵan nusqaulyk. – Astana: Ulttyq bilim beru ortalygy, 2008. – 96 s.

5.Stigler J.W., Hiebert J. Oqytudaǵy alshaqtyq: Älem müǵalimderiniñ üzdik ideialary. – Niu-Iork: Free Press, 1999. – 224 p.

6.Dudley P. Lesson Study: Bizdiñ zamanymyzdagı kásibi oqytu. – London: Routledge, 2014. – 230 p.

7.Fernandez C., Yoshida M. Lesson Study: Japoniialyq matematikani oqytu men üirenudi jetildiru tásili. – Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 2004. – 264 p.

8.Lewis C., Perry R., Hurd J. Lesson Study arqyly matematikani oqytudy

Материал баспаға 02.03.25 түсті

Эффективность применения подхода Lesson Study на уроках биологии

Аннотация

В данной статье рассматривается значимость использования активных методов обучения в преподавании биологии в школе и их влияние на качество образования. Активные методы обучения способствуют повышению интереса учащихся к предмету и развитию их исследовательских навыков. В ходе экспериментального исследования была оценена эффективность использования активных методов, а также проанализированы его результаты. Эксперимент проводился с сентября по декабрь 2024-2025 учебного года в школе-гимназии №7 города Экибастуз. В исследовании участвовали учащиеся 6-х классов. Результаты тестирования, проведенного в начале и в конце учебного года, показали увеличение теоретических знаний учащихся на 35%, улучшение практических навыков на 40% и рост чesких способностей и интереса к предмету на 50%. В итоге доказано, что активные методы обучения способствуют повышению качества образования.

Это исследование подчеркивает важность широкого применения активных методов в образовательном процессе.

Ключевые слова: Lesson Study, биология, профессиональное развитие учителей, качество образования, анализ урока, инновационные методы, педагогический опыт.

**Материал поступил в редакцию
02.03.2025**

Effectiveness of using the lesson study approach in biology lessons

Summary

This article explores the importance of using active teaching methods in school biology education and their impact on the quality of learning. Active teaching methods enhance students' interest in the subject and contribute to the development of their research skills. During the experimental study, the effectiveness of active methods was assessed, and the results were analyzed. The experiment was conducted from September to December of the 2024-2025 academic year at School-Gymnasium No. 7 in Ekibastuz. Sixth-grade students participated in the study. The test results, conducted at the beginning and end of the academic year, showed a 35% increase in students' theoretical knowledge, a 40% improvement in practical skills, and a 50% growth in research abilities and interest in the subject. As a result, it was proven that active teaching methods improve the quality of education. This study highlights the importance of widely implementing active methods in the educational process.

Keywords: Lesson Study, biology, professional development of teachers, quality of education, lesson analysis, innovative methods, pedagogical experience.

Material received on 02.03.25

Алғыс. Зерттеу демеушіліксіз жүргізілді.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар осы мақалада ашуды талап ететін мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

INTERDISCIPLINARY CONNECTIONS IN ACTION: CREATION OF THE STEAM EDUCATIONAL ECOSYSTEM

*G. D. Suleimenova, B. B. Gabdulhaeva, S. Zh. Kabiyeva, B.A. Baidalinova

Margulan University, Pavlodar, Kazakhstan

*gaukhar.zhan@mail.ru

Summary

This article examines the basic principles of the organization of educational and methodological work, taking into account the implementation of interdisciplinary connections and integration in the context of the STEAM approach. In modern education, the task of combining science, technology, engineering, art and mathematics to ensure the comprehensive development of students is becoming increasingly important. Through the analysis of key principles such as a holistic approach, flexibility and individualization, partnership and collaboration, practical orientation and the creation of a stimulating educational environment, the article highlights the main principles that contribute to the effective implementation of interdisciplinary communication and integration in the context of the STEAM approach. The BioArtAttack 2,3D method is an innovative approach to teaching biology and natural sciences, aimed at developing students' key skills. This method actively uses three-dimensional models, visual materials and interactive tasks to create a learning environment conducive to the development of logical, objective and analytical thinking. The approach is aimed at creating conditions for the development of creative thinking, research skills and preparing students for successful adaptation in the modern information society.

Key words: STEAM, Bioartattack 2,3d, interdisciplinary communication, integration, stimulating educational environment, teachers, professional development.

Introduction. Modern education is increasingly focused on an integrated approach to learning, including the integration of sciences and arts. One of the most effective

strategies in this context is the STEAM approach, which combines science, technology, engineering, art, and mathematics. The implementation of interdisciplinary connections and integration in the classroom is becoming a key element of modern educational and methodological work, with which many teachers have difficulty developing lessons using elements of STEM learning and, in particular, using 2.3D modeling [1, pp.150-156]. Understanding the basic principles allows the teacher to build a holistic picture of the educational process, optimize the learning process, keep up with the times, overcome difficulties and develop professionalism. Studying the principles helps answer key questions: what specific principles underlie STEAM education, how the BioArtAttack 2.3D method promotes the development of various skills among students, what difficulties may arise when implementing the STEAM approach and how to overcome them, how to evaluate the effectiveness of using the STEAM approach and the BioArtAttack 2.3D method.

Materials and methods. STEAM education in the 7th grade makes learning more visual, develops curiosity and forms a positive attitude towards learning. Using experiments, projects, and models allows children to better understand complex scientific concepts. The STEAM approach encourages children to ask questions and look for answers.

The authors believe that the development of the STEAM approach in education should develop in a logical chain of interrelated sections.

The main principles of the organization of educational and methodological work on the implementation of interdisciplinary connections and integration in the

context of the STEAM approach are: holistic approach; flexibility and individualization; partnership and cooperation; creation of a stimulating educational environment; development of creative thinking [2, 49-50]. To organize a study of the effectiveness of the developed principles of "STEAM in biology class", an experimental group of students aged 12-13 years of 7th grade (25 people) was organized on the basis of the KSU Regional Multidisciplinary Boarding School for Gifted Children. The study was conducted from January 2024 to May 2024.

Results and discussion. In order to confirm the effectiveness of STEAM principles in biology, a study was conducted among 7th graders of the lyceum.

Basic principles:

1. Holistic approach - "Introduction", the organization of educational and methodological work should be based on a holistic approach to learning, including the integration of knowledge and skills from various fields of knowledge. It is important to strive to combine subjects not only at the level of content, but also at the level of teaching methods and assessment of academic performance.

2. Flexibility and individualization - Educational and methodological work should be flexible and adapted to the individual needs and characteristics of students. This implies the possibility of choosing different ways to achieve educational goals and taking into account the interests of each student. A separate group can identify a number of active learning methods that solve the problem of forming the skill of critical information selection. The recommended forms of organizing work in the lesson for solving this problem are: reception "Hour X", "Jigsaw", "Scientific laboratory", "Delayed guessing" [1, pp. 150-156]. For example, the "Hour X" method. Educational materials on the topic of the lesson are prepared for students, but from different sources: textbooks, popular science literature, Internet resources. Students are asked a problematic question on the topic of the lesson, and the time frame for working with information sources is determined. At the end of the time, a conditional signal is given, hour X comes, when the students must

give an answer to the question or questions posed.

3. Partnership and cooperation - The realization of interdisciplinary connections and integration requires close cooperation between teachers of various subjects. It is important to create partnerships and share experiences, which contributes to a more effective integration of knowledge. For example, when integrated with the optional course "Fundamentals of Robotics", students can print three-dimensional models for biology lessons on a 3D printer.: structural elements of DNA and RNA, components of plant and animal cells, models of viruses, bacteria, protozoa. This allows biology lessons to be clear, vivid, and memorable, and students will gain engineering competencies during the project. Thus, educational and methodological work should focus on the practical application of knowledge, which includes the use of project work, laboratory experiments, case studies and other forms of active learning, allowing students to apply the knowledge gained in practice, that is, to solve real problems and develop teamwork and creative thinking skills.

4. Creating a stimulating educational environment - An important principle is to create a stimulating educational environment that promotes creativity, research and self-development of students [3].

Currently, many teachers have advanced knowledge in the field of application for the formation of research skills of information and communication technologies. For example, they prepare interactive tasks using the portal. <https://learningapps.org/>. The portal provides convenient templates for developing tasks for logical matches, knowledge of subject terminology, classification, sorting by any feature or combination of features, using game technologies, using video and audio content. It's also easy to find the right task, and if you don't have one, you can develop it yourself. Popular and other resources such as <https://bilimland.kz/ru>, <https://quizizz.com>, <https://kahoot.it>, <https://quizlet.com>. They have a large list of ready-made resources for lessons, which include organizing a space for working in groups and individually [4].

ing methods of each discipline. Thus, common methods that can be used in different disciplines are "project-based learning, scientific research, and modeling." Therefore, this type of structured integration of disciplines using these methods can allow teachers to focus on their core disciplines without missing any of their features [5].

From the discipline of STDM to integration, many methods have been used, it is not only about the integration of disciplines, but also about the appropriate teach-

Figure 1 shows the use of the Bio-ArtAttack 2,3D method in biology lessons in 7th grade "The internal structure of a spider" - the work of student No. 14



Figure 1. "The internal structure of the spider" - the work of student No. 14

spider, a student can not only study the structure of its organs, but also figure out how to improve the strength of the web or create a new material that mimics its properties.

The student examines the smallest parts of the natural world that can only be seen through a microscope: for example, the internal structure of a spider (Figure 1). Practical and laboratory work using the Bio-ArtAttack 2,3D method becomes the center of creativity, as colored pencils and paints can be used as tools and devices that allow children to make wonderful discoveries, and teachers to create more exciting and effective lessons, as well as to identify the individual characteristics of each student.

• Total characteristics of each student:

Figure 2 shows the use of the BioArtAttack 2,3D method in biology lessons in 7th grade "Chameleon structure" - the work of student No. 11

In Figure 2, the BioArtAttack 2,3D method, applied to the study of chameleon, opens up an amazing world of adaptation and survival for students.

Visualization of the inner world. A vivid and detailed drawing of a chameleon created using this technique allows students to literally look inside this mysterious animal. They see how his organs work, how

the process of respiration, digestion and blood circulation takes place. Such visualization greatly facilitates the understanding of complex biological processes and makes them more interesting.

The development of creative thinking. By recreating the chameleon's internal structure on paper, students use their imagination. They represent how certain organs function, how an animal uses them to survive in its habitat. It stimulates creative thinking and helps to develop the ability to think abstractly.



Figure 2. "The structure of the chameleon" - the work of student No. 11

Understanding Adaptation - By studying the chameleon's structure, students will learn about its unique adaptations that allow it to survive in difficult rainforest conditions. For example, they can understand how his long tongue works, allowing him to catch insects at a great distance, or how his skin color changes to disguise himself. This helps to form a deep understanding of the principles of evolution and adaptation of living organisms.

All this contributes to the development of logical, objective and analytical thinking skills [6, p.336].

Conclusion. Art can be a great way to visualize something that may seem complicated or difficult to understand [6, p.336].

BioArtAttack 2.3D combines multiple modes of research and reasoning that arise from multiple disciplines such as STEM and STEAM, art, and design, with the goal of exploring multiple ways students solve and approach problems. The effectiveness of using 2.3D modeling in the educational process can be achieved by organizing feedback. Monitor students' reactions, conduct questionnaires and discussions to understand which aspects of working with technology can be improved or supplemented [7].

The introduction of the STEAM approach into the educational process requires a systematic and comprehensive approach based on well-defined principles. The principles proposed in this paper for organiz-

ing work on the development of STEM lessons, using the principle of developing creative thinking, are important for the successful implementation of STEAM education.

Experimental data conducted on the basis of OMLIOD KSU among 7th graders confirm the effectiveness of the proposed principle - the development of creative thinking. Consequently, this approach to the transition from STEM to STEAM allows for a discrepancy between the nature of the disciplines integrated into educational practice, which can enhance students' creativity, thinking skills, and interest in the subject being studied.

The integration of art into STEM education (STEAM) allows:

To increase the level of material assimilation by visualizing complex biological concepts and artistic techniques, as this makes the learning process more vivid and memorable.

To develop interdisciplinary skills, combining natural science disciplines with art contributes to the formation of students' holistic worldview and the ability to apply knowledge in practice.

Stimulating creativity using the Bio-ArtAttack 2,3D method provides students with the opportunity to express themselves and develop individual creative abilities.

Thus, the STEAM approach, implemented on the basis of the proposed principles, is a promising direction for the development of modern education. It allows students not only to transfer knowledge from various fields, but also to develop key competencies necessary for a successful life: critical thinking, creativity, collaboration and the ability to solve complex problems.

References

1. Aliev S.M. *On improving the modern paradigm of education* // SGZ. – 2018. – № 3. – P. 150–156.
2. Sharifbayeva Kh.Ya., Abdurashidov I.Zh.U. *General methodological training of teachers of special disciplines in technical universities* // Bulletin of Science and Education. – 2020. – № 23-3 (101). – P. 49–51.
3. *Development of creative thinking through pedagogical design: how to inspire*

students to be creative [Electronic resource]. – Access mode: <https://lala.lanbook.com> – Date of access: [14.02.2025].

4. *Additive technologies – what are they and where are they used?* [Electronic resource]. – Access mode: <http://kak-bog.ru/additivnye-tehnologii-chto-eto-takoe-i-gde-primenyayutsya> – Date of access: [11.02.2025].

5. *3D modeling as a means of educating future engineers* [Electronic resource] // Edugalaxy Intel. – Access mode: <https://edugalaxy.intel.ru/?showtopic=6316> – Date of access: [14.02.2025].

6. *Art therapy – new horizons: collection of articles* / ed. by A.I. Kopytin. – Moscow: Kogito-Center, 2006. – 336 p.

7. *The intersection of science and art: how the integration of art into STEM education can take technical sciences to a new level* [Electronic resource]. – Access mode: <https://dzen.ru> – Date of access: [02.01.2025].

Material received on 05.02.25

Іс-әрекеттегі пәнаралық байланыстар:

STEM білім беру экожүйесін құру

Аңдапта

Бұл мақала STEAM тәсілінің контекстінде пәнаралық байланыстар мен интеграцияны іске асыруды ескере отырып, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың негізгі принциптерін қарастырады. Қазіргі білім беруде оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін ғылымдар, технологиялар, инженерлік, өнер және математиканы біріктіру міндеті барған сайын маңызды бола түсуде. Біртұтас көзқарас, икемділік және даралау, серіктестік пен ынтымақтастық, практикалық фокус және ынталандырушы білім беру ортасын құру сияқты негізгі принциптерді талдау арқылы мақала steam тәсілінің контекстінде пәнаралық байланыстар мен интеграцияны тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін негізгі принциптерді көрсетеді. Bioartattack 2.3 d әдісі оқушылардың негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған биология мен жаратылыстану пәндерін оқытудың

инновациялық тәсілі болып табылады. Бұл әдіс логикалық, объективті және аналитикалық ойлауды дамытатын оқу ортасын құру үшін үш өлшемді модельдерді, көрнекі материалдарды және интерактивті тапсырмаларды белсенді қолданады. Тәсіл шығар-машылық ойлауды, зерттеу дағдыларын дамытуға және оқушыларды қазіргі ақпараттық қоғамда сәтті бейімделуге дайындауға жағдай жасауға бағытталған.

Түйінді сөздер: STEAM, Bioartattack2, 3d, пәнаралық байланыс, интеграция, ынталандыратын білім беру ортасы, мұғалімдер, кәсіби даму.

Материал баспаға 05.02.25 түсті

Межпредметные связи в действии: создание образовательной экосистемы STEAM

Аннотация

Данная статья рассматривает основные принципы организации учебно-методической работы с учетом реализации межпредметных связей и интеграции в контексте STEAM подхода. В современном образовании становится все более важной задача объединения наук, технологий, инженерного дела, искусства и математики для обеспечения всестороннего развития учащихся.

Через анализ ключевых принципов, таких как целостный подход, гибкость и индивидуализация, партнерство и сотрудничество, практическая направленность и создание стимулирующей образовательной среды, статья выделяет основные принципы, которые способствуют эффективной реализации междисциплинарных связей и интеграции в контексте STEAM подхода. Метод BioArtAttack 2,3D представляет собой инновационный подход к обучению биологии и естествознания, направленный на развитие ключевых навыков учащихся. Этот метод активно использует трехмерные модели, визуальные материалы и интерактивные задания для создания учебной среды, способствующей развитию логического, объективного и аналитического мышления. Подход направлен на создание условий для развития творческого мышления, исследовательских навыков и подготовки учащихся к успешной адаптации в современном информационном обществе.

Ключевые слова: STEAM, Bioartattack2,3d, междисциплинарная связь, интеграция, стимулирующая образовательная среда, учителя, профессиональное развитие.

Материал поступил в редакцию 05.02.2025

Authors' contribution. The largest contribution is distributed as follows:

G. D. Suleimenova contributed to the conceptualization of the study, development of the research framework, and manuscript writing.

B.B. Gabdulkhayeva was responsible for data collection, statistical analysis, and interpretation of results.

S.Zh. Kabiyeva worked on the literature review, methodology design, and revision of the manuscript.

B.A. Baidalinova contributed to proofreading, editing, and finalizing the manuscript for publication.

Conflict of interest. The authors declare no conflict of interest.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Осипова Анастасия Вячеславовна, бакалавриат студенті, «Биология және экология» кафедрасы, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар қ., Қазақстан, e-mail: aanastasiyaaa@internet.ru

Уәлиева Римма Мейрамовна, «Биология және экология» кафедрасының профессоры, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар қ., Қазақстан, e-mail: ualiyeva.r@gmail.com

Каверина Мария Михайловна, PhD докторанты, «Биология және экология» кафедрасы, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар қ., Қазақстан, e-mail: mkaverina97@gmail.com

Фаурат Алина Александровна, PhD, «География және туризм» кафедрасының доценті, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар қ., Қазақстан, e-mail: faurat.aa@teachers.tou.edu.kz

Кучбоев Абдурахим Эргашевич, биология ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Зоология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Ташкент қ., e-mail: abdurakhimkuchboev@gmail.com

Амиров Ойбек Олимжонович, биология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Зоология институты, Ташкент қ., Өзбекстан

Йулдоишонов Азамат Акрамхон, кіші ғылыми қызметкер, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Зоология институты, Ташкент қ., Өзбекстан, e-mail: bioinformzology@gmail.com

Давронов Барно Орзиевич, зоология кафедрасының доценті, Қаршы мемлекеттік университеті, Қаршы қ., Өзбекстан, e-mail: davronov-68@mail.ru

Орзиева Ёкутой Матназаровна, аспирант, Гулистан мемлекеттік университеті, Гулистан қ., Өзбекстан

Сайлау Айдана, магистрант, «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ, Павлодар қ., Қазақстан, email: aydana.saylau.01@mail.ru

Оспанова Айнагуль Кенжешевна, б.ғ.к., профессор, «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ, Павлодар қ., Қазақстан, e-mail: ospanovaak@ppu.edu.kz

Балтабай Мөлдір Жеңісқызы жаратылыстану ғылымдарының магистрі, Биология, жаратылыстану пәндерінің мұғалімі, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің «№7 мектеп-гимназиясы» КММ, Екібастұз қ., Қазақстан, e-mail: moldir0102999@icloud.com

Сокова Орынбысар Тургуновна, Биология және оқыту әдістемесі кафедрасының лекторы, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

